

Пәні бойынша оқыту
бағдарламасының (Syllabus)
титулдық парағы

Нысан
ПМУ ҰС Н 7.18.3/37

Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі
С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті
Қаржы-экономикалық факультеті
Қаржы кафедрасы

5B050900 «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған
«Тәуекелділіктерді басқару»

**ПӘНІ БОЙЫНША ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(Syllabus)**

Павлодар

БЕКІТЕМІН

ҚЭФ деканы

_____ Т.Я. Эрназаров
« ____ » _____ 20 ж

Құрастырушы: аға оқытушы Закриянова Н.М. _____

Қаржы кафедрасы

**5B050900 «Қаржы» мамандығының сырттай оқу нысанындағы
студенттеріне арналған «Тәуекелділіктерді басқару»
пәні бойынша оқыту бағдарламасы (Syllabus)**

Бағдарлама 20__ ж. « ____ » _____ бекітілген жұмыс оқу бағдарламасының
негізінде әзірленді.

Кафедра отырысында ұсынылған 20__ ж. « ____ » _____ № _____
хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Кафтункина 20__ ж. « ____ »

Қаржы-экономикалық факультетінің оқу-әдістемелік кеңесімен
мақұлданды 20__ ж. « ____ » _____ № _____ хаттама

ОӘК төрағасы _____ А. Б. Темірғалиева 20__ ж.
« ____ » _____

1 Оқытушылар туралы мәліметтер және байланысу ақпараттары

Кафедрадағы қабылдау сағаттары кеңес беру кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Кафедраның телефоны 67-36-43, ішкі 172, 511 аудиториясы.

2 Пән туралы мәліметтер

«Тәуекелділіктерді басқару» пәні тәуекел жағдайдың сараптамасы мен (ереже ретінде, акт формасында заң қаулысы, нұсқа және т.б.) оны азайтуға бағытталған шешімін жетілдіруді қарастырады. Тәуекелді басқару теориясы мен тәжірибесі бір қатар ережелер жасады, олардың негізінде тәуекелді басқаруды қабылдаудың сол немесе өзгесін және шешім нұсқаларын таңдап алуы іске асырылады.

3 Пәннің еңбек сыйымдылығы

Семестр	Кредиттар саны	Аудиториялық сабақ түрлері бойынша қарым-байланыс сағаттарының саны						Студенттің өздік жұмысының сағат саны		Бақылау нысаны
		барлығы	Дәріс	практика	Зертханалық	студиялық	жеке	барлығы	СОӨЖ	
4		12	12	-	-	-	-			
5	4	12		12	-	-	-	156	39	Емтихан
Барлығы		24	12	12				156	39	

4 Пәннің мақсаты және міндеттері

«Тәуекелділіктерді басқару» пәнінің мақсаты қауіп-қатер ұғымына, маңызы мен топтамасына, қауіп-қатер шарттарындағы талдау таңдауына, қауіп-қатер таңдауына, қауіп-қатерді бағалау әдістері мен басқаруымен қатысты сұрақтарды оқу болып табылады.

Пәннің негізгі міндеттері:

- қауіп-қатер мәселелері бойынша терең теориялық білімдердің қалыптасуы;
- шаруашылық етуші субъектілер қызметінің қауіп-қатерлер түрлері мен формалары;
- қауіп-қатерлерді бағалау әдістемесін оқу;
- қазіргі шарттардағы менеджмент қауіп-қатерлерінің құрылуы мен дамуының өзекті мәселелерін оқу.

5 Білімге, икемділікке және дағды-машықтарға қойылатын талаптар

Студенттің:

- қауіп-қатерлер түсінігі мен мазмұны,
- оларды басқару қажеттілігінің **түсінігі** болуы керек
- олардың топтамасы білетін болады;
- негізгі көрсеткіштердің есебі мен басқару әдістемесінің негіздерін істей алу **білу керек**;
- топтастырылған белгілері бойынша қауіп-қатерлерді бөлу;
- қауіп-қатер есебінің негізгі көрсеткіштер есебі әдістемесімен иеленуін **жасау керек**:
- қаржылық есептілік мәліметтерімен жұмыс жасау;
- кәсіпорынның мүмкін болатын қауіп-қатерлерін талдау **тәжірибелік** дағды-машықтарды алу.

6 Пререквизиттер.

Осы пәнді меңгеру үшін төмендегі пәндерді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және машықтар қажет: «Статистика», «Корпоративтік қаржылар», «Сақтандыру», «Инвестицияларды қаржыландыру және несиелеу».

7 Постреквизиттер

Пәнді меңгеру кезінде алынған білім, икемділік және машықтар келесі пәндерді меңгеру үшін қажет: «Қаржы менеджменті», «Жобаларды талдау».

8 Тақырыптық жоспар

5B050900 «Қаржы» мамандығы сырттай оқу формасы

ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ				
№ р/р	Тақырып аты	Сағат саны		
		Дәріс	Тәжіриб е	СӨ Ж
1	Тәуекелдің мағынасы және оның негізгі себептер	1	1	10
2	Тәуекелдер жіктеуінің негізгі принциптері	1	1	20
3	Тәуекелдер негізгі принциптері және оларды басқарудың кезеңдері	1	1	20
4	Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару әдістері	2	2	20
5	Экономикалық тәуекелді сандық бағалаулардың жүйесі	2	2	20

6	Эксперттік процедуралар және тәуекелдерді өлшеу үшін пайдаланылатын субъективтік бағалауының әдістері	1	1	20
7	Тәуекел менеджментінің негізгі аспектілері және оның компанияда орнату	2	2	20
8	Тәуекелдерді кешенді басқару	2	2	26
ҚОРЫТЫНДЫ		12	12	156

9 Пәннің қысқаша сипаттамасы

Әрбір шаруашылық қызмет қабылданған басқармалық шешімдерге қатысты жүзеге асырылады, мұндай шешімдер қауіп-қатерлермен байланысты, алдын ала қаралмаған анық емес факторлар қатарымен шартталған болады. Кәсіпкерлік әрқашан тауарлар мен қызметтерге сұраныс пен ұсыныстың тұрақсыздығы, капитал қосымшаларының көп нұсқамалық салалары және кәсіпкерлік пен т.б. салаларындағы білім шексіздігі, құралдарды инвестициялау таңдаулығының әр түрлілігі әсер ететін экономикалық конъюктураның белгісіздігімен байланысты болады.

Қазақстан Республикасындағы қазіргі кездегі экономикалық және саясаттық жағдай ерекшеліктері, қаржы банктік сектордың дамуы, құрылатын нарықтағы бәсекелестіктің күшейтуі, қаржы шешімдер қабылдаудағы тәуекелдің жоғары үлесі экономикалық мамандықтар профилді пәндер ішіне осы курс қосуын аңықталған.

10 Курс компоненттері

10.1 Дәріс сабақтардың мазмұны

1 Тақырып Тәуекелдің мағынасы және оның негізгі себептер

Тәуекел және белгісіздік, тәуекел теорияның негіздері. Тәуекелдердің негізгі элементтері. Экономикалық тәуекелдердің болу себептері. Тәуекел және тәуекелді жағдай. Тәуекел құқықты болуының концепциясы.

2 Тақырып Тәуекелдер жіктеуінің негізгі принциптері

Тәуекел жіктеуінің негізгі элементтері. Тәуекел жіктеуінің авторлық үлгілері. Әртүрлі кәсіби қызметіндегі тәуекелдердің сипаттамасы.

3 Тақырып Тәуекел басқаруының негізгі принциптері

Тәуекелді басқару кәсіпорынды басқару жүйесінің элементі ретінде. Тәуекелді басқарудың объектісі мен субъектісі. Тәуекел басқаруының негізгі есептері, принциптері және әдістері.

Тәуекелдерді басқару процессінің блок-схемасы. Тәуекелдерді басқару процессінің кезеңдері: талдау, ақпаратты жинау мен өндеу, тәуекелдерді жою мен минимизациялау әдістері. Тәуекел жағдайында шешімдерді қабылдау. Лапластың жетпейтін негіздеуінің қағидалары. Вальдтың максималдық өлшемі, Севиджтің минималдық өлшемі, Гурвицтің макс-мини өлшемі.

4 Тақырып Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару әдістері

Тәуекелдерді басқару әдістері жіктемесі. Тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау. Таңдалған тәуекелдерді басқару әдістерін орындау. Мониторинг нәтижелері және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру. Тәуекелдерді басқару әдістері (төрт әдіс).

Тәуекелдерді өтеуден қашу әдістері. Тәуекелдерді басқару әдістерінің схемасы. Тәуекелдерді басқару әдістерін қолдану шектеулері. Локализациялау әдістері және тәуекел диссипациялау. Интеграцияның тәуекелдерді минимизациялау әдісі ретіндегі төрт негізгі түрі. Диверсификация тәуекелді диссипациялау әдістері түрлері ретінде. Диверсификация түрлері. Тәуекелдерді өтеу тәуекелдерді басқарудың алдын алу әдістері ретінде. Кәсіпкерлік тәуекелдерді төмендету.

Іскер серіктестерді тексеру әдістері бес «С» ережелері. Ақпараттық тәуекелдерді басқару. Ақпараттық тәуекелдер топтары. Тәуекелдерді қаржыландыру әдістері және оларды жіктеу схемасы. ағымдағы табыстан шығынды жабу (Current expensing of losses). Қордан шығынды жабу (Reserving). Несие қолдану арқылы шығынды жабу (Borrowing). Өзін-өзі сақтандыру негізінде шығынды жабу (Self-insurance). Кэптингтік сақтандыру ұйымдарын құру (captive insurance).

Келісімшарт негізінде жауапкершілікті табыстау арқылы залалды жабу (Contractual transfer). Мемлекеттік немесе муниципалдық органдардың қолдауы негізінде шығынды жабу (Budget support). Демеушілік негізінде шығынды жабу (Sponsorship).

5 Тақырып Экономикалық тәуекелді сандық бағалаулардың жүйесі

Тәуекелдерді сандық бағалауна жалпы әдістемелік көзқарас. Тәуекелдерді сандық бағалау және оларды

анықтайтын әдістері. Тәуекелдерді бағалау статистикалық әдістері.

Тәуекел құнының концепциясы(Value at risk – VAR). Тәуекел құнын (VAR) анықтаудың негізгі параметрлері. Тәуекел шкаласы және оларды өлшем сипаттамы. Тәуекелдерді сандық бағалау үшін пайдаланылатын спецификалық көрсеткіштер. Тәуекел аймағы сипаттамасы. Қаржылық есептеме көрсеткіштері негізінде кәсіпорын банкроттығының диагностикасы (тәуекел банкроттылығы).

6 Тақырып Эксперттік процедуралар және тәуекелдерді өлшеу үшін пайдаланылатын субъективтік бағалауының әдістері

Эксперттік процедуралардың сипаттамасы. Экспертизалардың жалпы схемасы және эксперттік топтардың қалыптасуы, сұрақтардың қалыптасуы, анкета құру, эксперттермен жұмыс істеу және эксперттік бағалаудың өнделуі. Тәуекелді бағалаудың эксперттік әдістері.

7. Тақырып Тәуекел менеджментінің негізгі аспектілері және оның компанияда орнату

Тәуекел менеджментінің негізгі анықтамалары және түсінігі. Тәуекел менеджментін қолдану позициялары. Тәуекелдерді басқарудағы ғаламдық міндеттер: тәуекел менеджментін қолдану, тәуекелдерді түрлері бойынша басқару; тәуекелді бағалау дәлме-дәлділігі. Тәуекел менеджментінің қызметтері. Тәуекел менеджментін ұйымдастыру. Түсініктер: көкейкөз, инсайт, эвристика. Тәуекел менеджментінің ережелері.

8 Тақырып Тәуекелдерді кешенді басқару

Банк тәуекелдерін басқару. Ақпараттық белгісіздік сыныптарының көздері. Ф. Найттың математикалық база негізінде сандық өлшеу тәуекелдерді басқарудағы тіл табуы. Банк тәуекелдерін анықтау. Банк тәуекелдерінің түрлері. Банк ресурстарын қайтармау тәуекелдері.

Банк несие тәуекелдерін бағалау. Банк ресурстарын орналастыру объектісі (ОРР). Банк активтерінің сомалық тәуекелдері. Банк ОРР қатерлі көрсеткіштері. ОРР қатерді бағалауды жүргізу базалық схемасы. Банк ОРР бағалаудың негізгі кезеңдері және әдістемесі. Банк ОРР бағалаудың формализдік методологиясы.

Лизингтік инвестициялауда пайда болатын тәуекелдерді басқару. Лизингтік мәміле қатысушыларын сақтандыру қорғанысы. Тәуекел стратегиясының превентивтік және қолдау іс-шаралары.

Лизингтік инвестициялауда пайда болатын тәуекелдерді басқару. Лизингтік мәміле қатысушыларын сақтандыру қорғанысы. Тәуекел стратегиясының превентивтік және қолдау іс-шаралары.

10.2 Тәжірибелік сабақтардың мазмұны

1 Тақырып Тәуекелдің мағынасы және оның негізгі себептер

Тәуекел және белгісіздік, тәуекел теорияның негіздері. Тәуекелдердің негізгі элементтері. Экономикалық тәуекелдердің болу себептері.

Ұсынылатын әдебиет: [1,6].

2 Тақырып Тәуекелдер жіктеуінің негізгі принциптері

Тәуекел жіктеуінің негізгі элементтері. Әртүрлі кәсіби қызметіндегі тәуекелдердің сипаттамасы.

Ұсынылатын әдебиет: [2,4].

3 Тақырып Тәуекел басқаруының негізгі принциптері

Тәуекелді басқару кәсіпорынды басқару жүйесінің элементі ретінде. Тәуекел басқаруының негізгі есептері, принциптері және әдістері. Тәуекелдерді басқару процессінің кезеңдері: талдау, ақпаратты жинау мен өндеу, тәуекелдерді жою мен минимизациялау әдістері.

Ұсынылатын әдебиет: [1,4].

4 Тақырып Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару әдістері

Тәуекелдерді басқару әдістері жіктемесі. Тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау. Нәтижелер мониторингі және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру. Тәуекелдерді басқару әдістері (төрт әдіс). Тәуекелдерді өтеуден қашу әдістері. Локализациялау әдістері және тәуекел диссипациялау. Интеграцияның тәуекелдерді минимизациялау әдісі ретіндегі төрт негізгі түрі. Диверсификация тәуекелді диссипациялау әдістері түрлері ретінде. Тәуекелдерді өтеу тәуекелдерді басқарудың алдын алу әдістері ретінде. Кәсіпкерлік тәуекелдерді төмендету. Іскер серіктестерді тексеру әдістері бес «С» ережелері.

Ұсынылатын әдебиет: [1,2].

5 Тақырып Экономикалық тәуекелді сандық бағалаулардың жүйесі

Тәуекелдерді бағалау статистикалық әдістері. Тәуекелдерді сандық бағалау үшін пайдаланылатын спецификалық көрсеткіштер. Қаржылық есептеме көрсеткіштері

негізінде кәсіпорын банкроттығының диагностикасы (тәуекел банкроттылығы).

Ұсынылатын әдебиет: [1,7].

6 Тақырып Эксперттік процедуралар және тәуекелдерді өлшеу үшін пайдаланылатын субъективтік бағалауының әдістері

Эксперттік процедуралардың сипаттамасы. Экспертизалардың жалпы схемасы және эксперттік топтардың қалыптасуы, сұрақтардың қалыптасуы, анкета құру, эксперттермен жұмыс істеу және эксперттік бағалаудың өнделуі. Тәуекелді бағалаудың эксперттік әдістері. Жағдайлық есептеді шешу.

Ұсынылатын әдебиет: [1,2].

7. Тақырып Тәуекел менеджментінің негізгі аспектілері және оның компанияда орнату

Тәуекел жағдайын модельдеу. Қаржыларды оперативті басқарудағы тәуекел талдауы. Өндіріс қатерлігін анықтау. Ең рентабельді өндірісті таңдау. Есеп шығару.

Ұсынылатын әдебиет: [3,4].

8 Тақырып Тәуекелдерді кешенді басқару

Банк тәуекелдерін басқару. Лизингтік инвестициялауда пайда болатын тәуекелдерді басқару. Лизингтік мәміле қатысушыларын сақтандыру қорғанысы. Агроөнеркәсіптік кешендегі тәуекел менеджменті. Тәуекелдерді хеджирлеу.

Ұсынылатын әдебиет: [1,2].

10.3 Студенттердің өздік жұмысының мазмұны

10.3.1 5B050900 «Қаржы» мамандығы орта кәсіби, жоғары кәсіби білім негізінде сырттай оқыту түрі үшін СӨЖ мазмұны

№ р/р	СӨЖ түрі	Есеп нысаны	Бақылау түрі	Сағат көлемі
1	Дәріске дайындалу		Сабаққа қатысу	31,2
2	Тәжірибелік сабақтарға дайындалу, үй жұмысты істеу	Оқу дәптері	Сабаққа қатысу, ауызша сұрақтау	31,2
3	Аудиторлық сабақтарға кірмеген материалын әзерту	Конспект	Ауызша сұрау	46,8
4	Бақылау шараларына дайындалу		МБ1, МБ2 тест сұрақтарына жауап беру	46,8
Барлығы:				156

10.3.2 Студенттердің өздік жұмысының мазмұны

1 Тақырып Тәуекелдің мағынасы және оның негізгі себептер

Тәуекел және тәуекелдік жағдай. Тәуекел құқықты болуының концепциясы.

Ұсынылатын әдебиет: [1,6].

2 Тақырып Тәуекелдер жіктеуінің негізгі принциптері

Селективтік тәуекелдер. Банкроттылық тәуекелдер. Биржалық тәуекелдер. Көліктік тәуекелдер – жауапкершілік дәрежесі бойынша төрт топ (E, F, C, D). Валюталық тәуекелдер. Аймақтық тәуекелдер. Кешендік тәуекелдер. Инновациялық тәуекелдер. Шаруашылық келісімшарттарды орындамау тәуекелдері. Нарықтық конъюнктураның өзгеру және бәсекелестіктің ұлғаю тәуекелдері. Шетін шығындар мен табыстардың төмендеуінің пайда болу тәуекелдері. Кәсіпкерлік ұйымдардың мүлігін жоғалту тәуекелдері. Өнім сұранымсыздығы тәуекелі. Форс-мажорлы тәуекелдер.

Ұсынылатын әдебиет: [2,4].

3 Тақырып Тәуекел басқаруының негізгі принциптері

Тәуекел жағдайында шешім қабылдау. Лапластың жетпейтін негіздеуінің қағидалары. Вальдтың максималдық өлшемі, Севиджтің минималдық өлшемі, Гурвицтің макс-мини өлшемі.

Ұсынылатын әдебиет: [1,3].

4 Тақырып Кәсіпорындағы тәуекелдерді басқару әдістері

Тәуекелдерді қаржыландыру әдістері және оларды жіктеу схемасы. ағымдағы табыстан шығынды жабу (Current expensing of losses). Қордан шығынды жабу (Reserving). Несие қолдану арқылы шығынды жабу (Borrowing). Өзін-өзі сақтандыру негізінде шығынды жабу (Self-insurance). Кэптингтік сақтандыру ұйымдарын құру (captive insurance).

Келісімшарт негізінде жауапкершілікті табыстау арқылы залалды жабу (Contractual transfer). Мемлекеттік немесе муниципалдық органдардың қолдауы негізінде шығынды жабу (Budget support). Демеушілік негізінде шығынды жабу (Sponsorship).

Ұсынылатын әдебиет: [1,2].

5 Тақырып Экономикалық тәуекелді сандық бағалаулардың жүйесі

Тәуекел құнының концепциясы(Value at risk – VAR). Тәуекел құнын (VAR) анықтаудың негізгі параметрлері. Тәуекелдерді сандық бағалау үшін пайдаланылатын спецификалық көрсеткіштер. Тәуекел аймағы сипаттамасы.

Ұсынылатын әдебиет: [1,4].

6 Тақырып Эксперттік процедуралар және тәуекелдерді өлшеу үшін пайдаланылатын субъективтік бағалауының әдістері

Эксперттік процедуралардың сипаттамасы. Экспертизалардың жалпы схемасы және эксперттік топтардың қалыптасуы, сұрақтардың қалыптасуы, анкета құру, эксперттермен жұмыс істеу және эксперттік бағалаудың өнделуі. Тәуекелді бағалаудың эксперттік әдістері.

Ұсынылатын әдебиет: [1,2].

7. Тақырып Тәуекел менеджментінің негізгі аспектілері және оның компанияда орнату

Тәуекелдерді басқарудағы ғаламдық міндеттер: тәуекел менеджментін қолдану, тәуекелдерді түрлері бойынша басқару; тәуекелді бағалау дәлме-дәлділігі. Түсініктер: көкейкөз, инсайт, эвристика. Тәуекел менеджментінің ережелері.

Ұсынылатын әдебиет: [3,4].

8 Тақырып Тәуекелдерді кешенді басқару

Банк тәуекелдерін басқару. Ф. Найттың математикалық база негізінде сандық өлшеу тәуекелдерді басқарудағы тіл табуы. Банк тәуекелдерін анықтау. Лизингтік инвестициялауда пайда болатын тәуекелдерді басқару. Лизингтік мәміле қатысушыларын сақтандыру қорғанысы. Тәуекел стратегиясының превентивтік және қолдау іс-шаралары. Агроөнеркәсіптік кешендегі тәуекел менеджменті. Форвардтық және фьючерстік келісімшарттар. Опциндар.

Ұсынылатын әдебиет: [1,2].

СӨЖ тапсырмаларын орындау және тапсыру жөніндегі және «Тәуекелділіктерді басқару» пәні бойынша **5B050900 «Қаржы»** мамандығы бойынша сырттай оқу нысанындағы студенттерге арналған **бақылау шараларының күнтізбелік кестесі**

СӨЖ түрі	Максималды балл		Тапсырманы тапсыру мерзімі	Тапсыру мерзімі	Бақылау нысаны
	1 сабақта	барлығы			
Оқу сессиясы					
Дәріске қатысу және дайындалу	10	60	1 сабақта	кесте бойынша	қатысу
Бақылау жұмысын орындау		40	келесі сессияда оқылады	кесте бойынша	ағымдағы бақылау
Барлығы		100			
Емтихан сессиясы					
Дәріске қатысу және дайындалу	5	30		кесте бойынша	қатысу
Практикалық сабақтарға қатысу және дайындалу	5	30	1 сабақта	кесте бойынша	Қатысу, ауызша сұрау
Дәріске кірмеген қосымша материалды дайындау		40	1 сабақта	кесте бойынша	Конспект, ауызша сұрау
Барлығы		100			

20_ж. «__» _____ кафедра отырысында ұсынылған № _____

хаттама.

Кафедра меңгерушісі _____ Н.С. Кафтункина 20__ ж.
« ____ » _____

11 Курстың саясаты

Егерде сіз сабақты ешбір кешігусіз, дайын болып, жұмысқа белсенді қатысып, тапсырманың барлығын дер кезінде орындасаңыз, онда бақылау шараларының күнтізбелік кестесінде көрсетілгендей жоғары ұпайды жинайсыз.

Кез келген бақылау шараларының кестесін бұзу, тәртіп ережелерін сақтамау және сабаққа кешігулер жазаланады.

Оқу процессіне қатысу сабаққа қатысу, дайын болу, талқылауға белсенді қатысу және топпен жұмыс істеуді білдіреді.

Тәжірибелік жұмысқа дайындығыңызды үй жұмысын тексеру, сұрақ қою, топ жұмысына қатысуы бойынша тексеріледі. Сабаққа ескертусіз және кешігусіз қатысуыңыз үшін Сіздер 2 ұпай алысыздар. Егер сіз сабаққа дайын емес болсаңыз, онда тек қатысуыңыз бағаланады. Сабақты өткізуден кейінгі дайындық жұмысы бағаланбайды. Сабақтағы енжарлықтың байқалуы 1 ұпай санының кемуіне әкеледі.

СӨЖ дер кезінде орындалмауы (сабаққа дайындалудан басқа) ұпай санының төмендеуіне алып келеді:

- аптасына кешігу 1-3;
- бір аптадан көбірек кешіксе 2-ге.

Тәртіп бұзушылық және кез келген сабаққа кешігу артынан жұмысқа қатысудың балын 0,5-ке төмендетеді. Сабақтан шығарылса, онда жұмысқа дайындалу мен қатысу 0 ұпаймен бағаланады.

Егер Сіз бір себептермен сабақты немесе бақылау шараларын өткізіп алсаңыз, онда сіз оны жеке тапсырма бойынша, оқытушымен бекітілген уақытта өтеуіңіз керек.

Жұмысты қорытындылай келсе, семестрде бір рет ағымдағы үлгерімділіктің қорытынды ұпайы анықталады (рейтинг).

Емтиханға рұқсат алу үшін 1 рейтинг қорытындысы бойынша бағаның жоғары болуын қажет етеді.

Аралық бақылауға ағымды үлгерім балдары болған студенттер жіберіледі.

Рейтинг келесі формула бойынша есептеледі

$$P1 = AY1*0,7 + MB1*0,3$$

$$P2 = AY2*0,7 + MB2*0,3$$

мұндағы, P1 – бірінші рейтинг;

P2 – екінші рейтинг;

AY1 – бірінші ағымдағы үлгерім;

AY2 – екінші ағымдағы үлгерім;

AB1 – бірінші аралық бақылау;

AB2 – екінші аралық бақылау.

Егер студент аралық бақылаудан 50 кем балл алса, рейтинг анықталмайды. Сонда декан AB тапсыруының жеке мерзімін белгілейді.

Егер студент рейтинг рұқсатынан (PP) 50 баллдан кем алса, емтиханға жібарілмейді.

$$PP = \frac{(P1 + P2)}{2}$$

Қорытынды баға (ҚБ) рейтинг рұқсаттың (PPCY) және емтиханның қорытынды бақылауының (ЕҚСҮ) салмақтық үлестерінен құралады. ҚБ келесі формала бойынша есептеледі

$$ҚБ = PP*PPCY + ЕҚ*ЕҚСҮ$$

Салмақтық үлес Университетін Ғылыми Кеңесімен жылсайын бекітіледі және PP үшін 0,6 дан кем есес, ал ЕҚ үшін 0,4 коп болмау керек. Сонда

$$ҚБ = PP*0,6 + ҚБ*0,4$$

ҚБ 50 кем болса, студент ақылы түрде пәнді қайта оқиды.

Емтихан тест арқылы өткізіледі: тест 50 сұрақтан тұрады, әрбір дұрыс тест сұрағы 2 балға есептелінеді. Емтиханда алынатын максималды балл - 100 балл.

Әдебиеттер тізімі

Негізгі

1 Корпоративтік қаржы: оқу-әдістемелік оқулық. – Павлодар : Кереку, 2011. – 80 б.

2 Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау : электрондық оқу құралы. – Алматы, Нұр-пресс, 2010. – 250 б.

3 Жобаларды талдау : Экономика мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы. – Павлодар : Кереку, 2010. – 80 б.

4 Қаржы менеджмент : оқу құралы. – Павлодар : Кереку, 2009. – 65 б.

Қосымша

5 Каржы-Каражат

6 Альпари